

Үштілділік – уақыт талабы

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Әлем күн сайын өзгеруде, жаңа мемлекеттік құрылымдар, басқа қоғам пайда болуда. Өмірдің барлық салаларында жаңғырту мен жаңару жүріп жатыр.

Тәуелсіз, жаңа ойлау жүйесі, жаңа мәдениет қалыптасуда. Және осы жаңарған әлемде басқа мемлекеттермен тең дәрежеде дамуға ұмтылу оңай шаруа емес.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Рухани жаңғыру» атты

мақаласында «Бүгінде жеке тұлға ғана емес, бүтін бір ұлттың табысқа жетуге мол мүмкіндігі бар, ол үшін өзінің бәсекеге қабілеттілік жағдайын дамытқан кезде...»деп қазіргі жаһандану қоғамындағы басты құралды атап көрсетті.

Ұлттық бәсекеге қабілеттілік дегеніміз не? Бұған мақала нақты анықтама береді, бұл прагматизм, халықтың ұлттық белгісін сақтай отырып жаңашылдыққа ұмтылу, рухани жаңару.

Біздің қоғамда үшінші жаһандану жүріп жатыр. Уақыт бізден білімді, ашық, тұрақты болуды талап етеді. Үштілділік бағдарламасы да біздің дамушы мемлекеттің жаңа өткелдерінің бірі. Бірнеше тілді меңгеру-заман талабы. Ал білімділік-табысты адамның ке-

пiлдiгi.

Егер сізде тіл үйренуге деген қызығушылық пайда болса, керек оқулықтарды таба алмай жүрген болсаңыз - Осакаров аудандық орталықтандырылған кітапханасына келіңіздер! Арнайы сіз үшін кітапханашылар жаңа оқулықтар тізімін, түсіндірме сөздіктер, анықтамалықтар жинап құрастырды. Кітапханамызда орыс және ағылшын тілдерін оқытуға арналған жаңа көмекші құралдар түсімі басталды. Атап айтарлық «Балалар кітапханасында» дәл осы тақырыпта «Үштілдің патшалығы» атты кітап көрмесі сіздерді күтеді. Бұл көрмеде жеткілікті материалдар қамтылған.

Ж. ҚОСҚОЛОВА,

**Орталық кітапхана әдіскері
Осакаровка кенті.**